

І ТУУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

сентябрь Жексенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйым

Бүгін—Танкшілер Күні.

Совет халқы, оның армиясы танкшілер мен танк жасаушылардың біздің үкметіміз, Ұлы Сталин алға қойған міндеттерді орындаудағы табыстарын атап өтеді.

Біздің жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы, біздің көсеміміз және ұстазымыз—Ұлы Сталиннің даңқы арта берсін!

ССР Одағы Соғыс Министрінің БҰЙРЫҒЫ

14 сентябрь 1952 жыл

№ 95

Москва қаласы

Болдастар, танкшілер мен танк жасаушылар!

Болдастар, солдаттар мен сержанттар!

Болдастар, офицерлер мен генералдар!

Үгін совет халқы және оның армиясы танкшілер Күнін атап өтеді.

Сіздерді мерекеміз—танкшілер Күнімен құттықтап, сәлем айтып.

Совет танкшілері мен танк жасаушыларының, олардың коммунист партиясы, Совет Үкметі және Сталин жолын өзі қойған міндеттерді орындауға жаңа табыстарға жеткізіп.

Танкшілер Күнінің құрметіне БҰЙРАМЫН:

Бүгін 1952 жылғы 14 сентябрьде, Отаньмыздың астанасы—

Москвада және Одақтас республикалардың астаналарында—жыйырма дүркін артиллерия оғы атылып, салют беріледі.

Совет танкшілері мен танк жасаушылары жасасын!

Қаһарман совет халқы және оның айбынды армиясы жасасын!

Совет Үкметі жасасын!

Біздің барлық жеңістеріміздің дем берушісі және ұйымдастырушысы —Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясы жасасын!

Біздің ұлы көсеміміз және ұстазымыз Совет Одағының Генералиссимусы Сталин жолдастың даңқы арта берсін!

**ССР Одағының Соғыс Министрі
Совет Одағының Маршалы А. ВАСИЛЕВСКИЙ.**

Қазақ ССР Министрлер Советінде

Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, селолық және поселкелік Советтерінің республикалық социалистік жарысының 1952 жылдың бірінші жартысындағы қорытындысы туралы

Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, поселкелік және қалалық Советтерінің бірінші жартысындағы жарысының қорытындысы туралы. Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, поселкелік және қалалық Советтерінің бірінші жартысындағы жарысының қорытындысы туралы. Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, поселкелік және қалалық Советтерінің бірінші жартысындағы жарысының қорытындысы туралы. Еңбекшілер депутаттарының ауылдық, поселкелік және қалалық Советтерінің бірінші жартысындағы жарысының қорытындысы туралы.

ТАНКШІЛЕР КҮНІ

Бүгін совет халқы және оның Армиясы мен Флоты танкшілер Күнін мерекелейді, сонымен бірге, советтік бронетанк және механикаландырылған әскерлердің тамаша ерлік істерін, армиямызды маңдай алды бронетанк техникасымен жабдықтаушы танк құрылысшыларының совет үкметі, көсеміміз және ұстазымыз Сталин жолдас алға қойған міндеттерді жүзеге асыру жолында қол жеткен табыстарын атап өтеді.

Халқымыз бронетанк және механикаландырылған әскерлерді орындай мақтан етеді. Олар Ұлы Отан соғысының майдандарында қаһармандықпен шайқасты, Отаньмыздың болашағы мен тәуелсіздігін фашистік тобырлардан сақтап қалды. Кәзір даңқты танкшілеріміз совет адамдарының бейбіт жемісті еңбегін берік күзетіп тұр. Совет халқы өзінің танк жасаушыларын —танк өнеркәсібінің жұмысшылары мен конструкторларын, инженер-техник қызметкерлерін мақтан етеді, олар біздің Қарулы Күштерімізді дүние жүзіндегі ең азат техника негізінде жасалған болат машиналармен қамтамасыз етіп келеді.

Біздің танкшілеріміз совет өкметі құрылғаннан бері Отаньмыздың намысы үшін болған шайқастардың бәрінде тамаша ерліктің, Отанға партияға және Лениннің —Сталиннің ісіне жанқиярлықпен берілгендіктің, шексіз сүйіспеншіліктің айтып жеткізгісіз тамаша үлгілерін көрсетіп келді және бұдан былай да көрсете беретіні күмәнсіз.

Совет халқының Ұлы Отан соғысындағы неміс фашистеріне қарсы ұлы азаттық күресінде Отаньның намысы, болашағы мен тәуелсіздігі жолындағы ұрыста көрсеткен қаһармандық істері үшін 1142 танкиі Совет Одағының Батыры деген аса құрметті және жоғары атаққа ие болды. Олардың ішінде бірешыра жауынгерлер бұл атақты екі рет алды. Сан мыңдаған танкшілер мен танк жасаушылар Совет Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды. Ал,

шыққан отыр. Октябрь, Кеннохов аудандық партия комитеттері бастауыш партия ұйымдарына нақтылы басшылық жасамайтын болған, олардың жұмыс дәрежесін жақсартып, ролін күшейтудің орнына ұсақ, шаруашылық жұмыстарға көп айналысумен әуестенген. Партия жыйналысы — коммунистерге тәрбие беру мектебі екені мәлім. Алайда, бірсыпыра партия ұйымдарында партия жыйналысы сирек өткізіледі, сыңмен өзара сын өрістетілмейді. Партия комитеттері коммунистердің белсенділігін арттырып, алда тұрған міндеттерді ойдағыдай шешуді қамтамасыз ету үшін партия жыйналысын идеялық жоғары дәрежеде өткізуге жетісуге тиіс.

Партия ұйымдары бұқарамен байланысты мейлінше күшейтуге, кадрларды іріктеу және орналастырудың сталиндік принципін мүлтіксіз орындауға міндетті. Партияның өзгертілген Уставының жобасы да осыны талап етеді.

Партия конференцияларында басшы партия қызметіне жас кадрлар келді. Партия комитеттері оларға қамқорлық жасап, нақтылы көмек көрсетіп отыруға тиіс.

Істің табысты болуы қабылданған қарардың орындалуын бақылап, нақты ұйымдастыруға байланысты. Олай болса, партия ұйымдары қабылданған әрбір қарардың орындалуын қолма-қол ұйымдастыруға тиіс.

Партия ұйымдарының басты міндеттерінің бірі — еңбекшілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты, партия оқуы жүзесіндегі оқу сапасын жақсарту түсу болып табылады.

Бүкіл еліміздің еңбекшілерімен бірге, біздің облысымыздың еңбекшілері де партиямыздың XIX съезін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуға әзірленуде. Облысымыздың партия ұйымдарының партия конференцияларының қаулыларын мүлтіксіз орындай отырып, облысымыздың еңбекшілерін алда тұрған міндеттерді ойдағыдай орындауға, партиямыздың съезін лайықты табыстармен қарсы алуға жұмылдыратындығы езсіз.

ТЕМІРТАУ МЕТАЛЛУРГТЕРІНІҢ ЖАҢА ТАБЫСТАРЫ

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Партияның алдағы болатын съезі күрметіндегі республиканың өнеркәсіп орындарының социалистік жарысының инициаторы — Қазақ металлургия зауытының цехтарында бұл күндері жұмысшылар бұрын-соңды болып көрмеген саяси және өндірістік өрлеумен еңбек етуде.

Жарыста мартен цехында істейтін жас инженер комсомолец Аспари Қонаевтың сменасы озып келеді. Соңғы 3 күнде бұл смена 11 балқытпаның тоғызын шапшаң әдіспен қорытты, тапсырмадан тыс 32 тонна болат берді. Осы сменада істейтін атақты болат балқытушы комсомолец Алдажар Насреддинов үш балқытпаның үшеуін де әрқайсысын 7 сағат орнына 5 сағат 10 минут ішінде шапшаң әдіспен балқытты. Непі табанының әрбір шаршы метрінен металды нормадағыдан 2-3 тоннадан артық алды. Сұлтан Кәкенев кезекті болатты графикадан бір сағат 10 минут ерте қорытты. Стахановшы үш күндік жоспарынан тыс 48 тонна болат берді.

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Шығыс Қазақстандағы ең ірі Соколовский руднигінің кеншілері айдың өндірістік жоспарын асыра орындады.

Партияның XIX съезі күрметіндегі жарыста Дмитрий Смагиннің коллективі көрнекі табысқа жетті. Ол байыту фабрика-

ларына октябрь айының есебіне шикізат бере бастады. Участоктегі шпурларды бұрығылаудан руданы тиеуге және тасуға дейінгі барлық жұмысты машиналар орындайды. Проходка бригадаларының резервтік перфораторлары бар. Шпурларды бұ-

ғылау сумен жүргізіледі. Бұл еңбек өнімділігін арттырады, забойдағы ауаны жақсы тазартады.

Ковпинец және Пустовалов жолдастардың участоктерінің кеншілері жоспарды қосымша жүздеген тонна руда шығарды.

ТУҒАН ЕЛІМІЗДЕ

СОВЕТ ШАХМАТШЫЛАРЫНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АТАҚТАР БЕРІЛДІ

Бүкілодақтық шахмат секциясы, алғаш хабарда көрсетілгеніндей, халықаралық шахмат федерациясының XXIII конгресі совет гроссмейстрі Е. Теллерге (Одесса) халықаралық гроссмейстер атағын берді. ССРО-ның шахмат жөніндегі спорт мастеры Т. Петросянга (Москва) халықаралық мастер атағы берілді.

Кәзіргі уақытта совет шахматшылары қатарында 12 халықаралық гроссмейстер және 23 халықаралық мастер бар.

(СОТА).

ГРУЗИН МЕТАЛЛУРГТЕРІНІҢ ТАБЫСЫ

РУСТАВИ, 12 сентабрь. (СОТА). Партияның XIX съезіне әзірлік күндерінде Рустави металлургтері тамаша өндірістік жеңіске жетті. Закавказье металлургия зауытының трубопркат цехында тұтас құйылған трубалар өндірісі игерілді. Бұл турбалардың алғашқы тобы Түркмен Бас каналының құрылысшыларына жөнелтілді.

СОЛТҮСТІК СОВХОЗДАҒЫ МОЛ ӨНІМ

МАГАДАН. (Хабаровск өлкесі), 3 сентабрь. (СОТА). Кольманың «Сеймчань» совхозында капустаны жаппай жыйнау басталды. Совхоз қызметкерлері Қыйыр Солтүстіктің жағдайында овощ өсірудің агротехникалық қуатты әдістерін қолдануда. Жекелеген участоктерде әрбір гектардан 350—400 центнерден капуста алынуда.

Олар міндеттемелерін орындады

XIX съезд ашылар қарсаңында Москва-ның «Компрессор» зауытының коллективі еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсті. Барлық цехтар мен бригадалар, участоктер мен сменалар астанадағы автомобиль жасаушылардың бастамасын қызу қолдап, партияның XIX съезі күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете түсті. Мерзімінен бұрын, 25 сентабрыға дейін 9 айдың жоспарын аяқтауға міндеттеме алды. 25 тонна металл үнемдеп, завод шығаратын өнімнің өзіндік бағасын кемітуді ұйғарды. Стахановтық вахтаның әрбір күні өндірістік жаңа табыстармен қарсы алынуда.

Міндеттемеде көрсетілгеннен 20 күн

бұрын 9 айдың жоспарын заводта өзі бірінші болып орындағандардың ішінде компрессорлар цехы бар. Осы цехтың стахановшылары съезд ашылғанға дейін жоспардан тыс 10 мыңдаған сомның өнімін беруді ұйғарды.

Көпшілік қолданатын товарларды шығарудың цехы да 9 айлық жоспарды мерзімінен бұрын аяқтады.

Заводтың 250 ге жуық стахановшылары партияның XIX съезінің ашылуына жылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындаумен қарсы алды. Кәзір олар 1953 жылдың есебіне өнім беруде.

(СОТА).

БАРЛЫҚ ЖҰМЫСШЫЛАР НОРМАНЫ АСЫРА ОРЫНДАУДА

БАКУ, 12 сентабрь. (СОТА). Бірінші Май атындағы мұнай машина құрылысы зауытының токарі Николай Галкин бүгін өнім шығаруды төрт есе асыра орындап, жыл басынан бері 13 айлық тапсырманы аяқтады.

Партияның XIX съезіне әзірлік күндерінде завод коллективі мұнайшылар үшін жабықтар шығаруды едәуір жақсартта

түсті. Механика цехында стахановшылардың жұмыс өнімі 25 процент артты.

Кәсіпорнының барлық жұмысшылары орта есеппен өнім шығаруды екі есе өсірді. Партияның XIX съезінің күрмегіне завод коллективі жоспардағыдан тыс жүз мыңдаған сомдық жабықтар беруді ұйғарды.

ШАХТЕРЛЕР ТУҒАЛЫ ӘНДЕР ЖЫЙНАҒЫ

СТАЛНО, (СОТА). Облыстық баспа «Донбасс гүлденуде» деген жыйнақ басып шығарды. Бұл жыйнаққа З. Дунайевскийдің «Атақты комбайншы Василий Кучер туралы әні», С. Крапиваның «Бізде Донбаста былай дейді» деген әні, шахтерлерге арналған тағы басқа көптеген әндер енгізілген.

ҰЛЫ ҚҰРЫЛЫСТА

СТАВРОПОЛЬ (Куйбышев облысы). 6 сентабрь. (СОТА). Куйбышев су торабының төменгі шлюзінің котлованында бұл күндерде жұмыс барынша қыза түсуде. Құрылысшылар партияның XIX съезі күрметіндегі стахановтық вахтаға тұрып, котлованды тез арада бетон құюға әзірлеу үшін күресуде.

Р М Ы С Ы

інің материалдары
ланды

імының жыйналысынан

тілейтін бар-
ған механика-
аласы. Сөзхал-
-түрміне және
кең көлемде
иілікті іс-
ынан мол өнім
імін арттыру-
н жеңілдетуді

жасылар мен
дықтың жоспа-
лдыра білулері
е тапсырыл-
ың қалай да
Алайда кей-
п жүрген үзе-
қарайды. Көм-
із және төлдер-
драуына жол
кемшіліктерді
з керек. Стел-
рысты кеңінен
өміріндегі зор
үшін ауылшар-
стаумен қарсы

ің бригадирі
ның берік ке-
мен кең алым
ді пайдалану-
өп шабуалы
ықалық кө-
ырылмауының
осқа өткізі-
сі болмайды.
ры, партия-
ның сонында

сихаттауды мұқият ұйымдастыруымыз
қажет.
Осы сыяқты, партияның өзгертілген
Уставының жобасы жөнінде коммунистер
белсене сөйлеп, бұл жөнінде өздерінің пі-
кірін айтты. Сонымен бірге, олар партия
ұйымының жұмысынан орын алған кейбір
кемшіліктерді батыл сынады.

—Мен партияның жаңа Уставының жо-
басын оқыдым, — деді Позняков жола-
дас.— онда БК(б)П-ның XVIII съезінен ке-
йінгі партияның тәжірибесі қорытылған.
Партияның өзгертілген Уставы Ком-
мунист партиясының коммунистік қоғам
орнату жөніндегі міндеттерін көрсетеді.
Сөйтіп, ол партия мүшелерінің партияның
біраігін қатаң сақтауға, оның саясатын
мүлтіксіз жүзеге асыруға міндеттейді.
Біздің ұйымда кейбір коммунистер мем-
лекеттік және партия тәртібін қатаң сақта-
майды. Коммунист Оспанов маскүлемдікке
салыналы, жұмысқа уақытында шықпай-
ды, гараж менгерушісі Веденский және
шофер Алексеев жөнінде де осыны айту
керек. Партия ұйымы бұлардың теріс іс-
терін біле тұра, оған кезінде құлақ ас-
пай келді. Партияның әрбір мүшесі мем-
кандидаты Уставтың қағидаларын қатаң
сақтаулары керек. Тек осылай болғанда
ғана біз Ленин—Сталин партиясының мү-
шесі деген ұлы атақты жоғары ұстай ала-
мыз.

Коммунист Бочкунов жоладас өзінің сө-
зінде партия мүшелерінің жоғарғы партия,
совет орындарының директивалары мен
партия ұйымының қаулыларын жүзеге
асыру жөніндегі міндеттерге тоқталды.

Қаулы қабылдау жеткіліксіз, оны орындау үшін күресуіміз керек. Партияның

Совет Армиясының қуатты күші

Бүгін совет халқы Совет Армиясының дәстүрлі танкшілер Күнін мерекелейті. Біздің бронетанк және механикаландырылған әскердеріміздің Ұлы Отан соғысындағы үздік жауынгерлік еңбектерін, советтік танк жасаушыларының еңбектерін құрметтеп, атап көрсетумен бірге ССРО ең бекшілері айбынды тавкшілерді, олардың тамаша жауынгерлік ерліктерін нағыз азат жауынгерлік техниканы орындау мақтан етеді.

Совет адамдары танктің тұңғыш шыққан жері Россия екенін де мақтан етеді.

1911 жылы орыс инженері В. Д. Менделеев шыңжыр табанды жауынгерлік машинаның техникалық жобасын ұсынды. Дүниежүзілік соғыстың бас кезінде Россияда дүние жүзіндегі тұңғыш танктің тәжірибе үлгісі жасалып, бұл танк еынан ойдағыдай өтті. 1915 жылдың орта шетінде орыс инженерлері дөңгелекті танктің тәжірибе үлгісін жасады. Бұл іске орментағы ұлы ғалымы Н. Е. Жуковский және кәзіргі академик, конструктор А. А. Микулин қатысты.

Самодержавиелік Россиядағы чиновниктердің еңжалығы мен топастығы салтауынан, сонымен қатар, самодержавиелік Россияның өнеркәсібінің дәрежесі төмен болуы салдарынан осы үздік өнер табыстар ігері дамып, өркендемеді. Сондықтан Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейін біздің еліміздің өзінің танк өнеркәсібі болмады. Россияның азат етілген халқы тек революциядан кейін ғылымның, техниканың, әдебиет пен искусствоның барлық салаларында өзінің творчестволік күшін көрсетуге шекеіз мүмкіндік алды. Совет Армиясы алғаш рет құрыла бастаған кездің өзінде оның құрамында бронетанк әскер бөлмдерін ұйымдастыруға кірісілі. Бірінші автоброньді отрядтар 1918 жылы февральда құрылды. Олар Нарванды, Псковтың түбіндегі және Царицын майданындағы ұрыстарға қатысты.



М. ВОЛКОВ,

Танк әскерлерінің гвардия генерал-лейтенанты



де гитлершілдер танк пен авиация жағынан едәуір басым болды.

Ұлы Сталин бастаған Совет Армиясы совет халқы ғана гитлерлік соғыс машинасының соққысына төтеп берді. Әскерлердің басқа түрлерінің ішінде танкшілер де күшті және зұлым жаудың шабуылын табандылықпен тойтарды.

Сталин жоладас 1941 жылдың ноябрда былай деді:

«Біздің танктеріміз сапасы жағынан неміс танктерінен артық, ал, біздің дақты танкшілеріміз бен артиллерияшыларымыз мақтау алып жүрген неміс әскерлерін олардың толып жатқан танктері мен қоса талай рет зырқыратып құды. Бірақ, дегенмен біздің танктеріміз немістердікінен бір неше есе аз. Неміс армиясының уақытша табыстарға жетуінің сыры міне осында».

Ұлы көсеміміз совет халқының алдына жауапты міндет—немістердің танк жағынан басымдығын жоққа шығару міндетін қойды. Бұл үшін жауынгерлік машиналардың және дұшпанның танктеріне қарсы бүресетін барлық құралдардың өндірісін бірнеше есе арттыру қажет болды.

Біздің халқымыз, әдеттегісіндей, Сталин жоладасын шақыруына қызу үн қосты. Кәсіпорындарда, атап айтқанда, еліміздің шығыс аудандарына апарылып, орнаттырылған кәсіпорындарда танк шығару ісі тез жолға қойылды. Танк және басқа қару-жарақ жасауға қаржы жыйнаудың бүкілхалықтық қозғалысы кеңінен өрістеді. Совет патриоттары бұл іске 6 миллиард сомнан аса қаржы қосты. Ал, біздің танкшілеріміз өзін мәңгі өшпейтін

Совет бронетанкті және механикаландырылған әскерлері 1945 жылғы ұрыстарда шеберлікпен қыймыл жасаты. Олар Висладан Одерге дейінгі дұшпанның майданын кезіп өтіп, Берлинге тауу шептерге жетті. Ұлы Отан соғысын аяқтау операциясы—Берлинді алуға біздің жағымыздан 6.300-ден аса танк қатысты. Біздің танкшілеріміз Европадағы соғысты Праганы азат етумен және соның іргесінде қаруын тастаудан бастартқан дұшпанның ірі тобын талқандаумен аяқталды.

Бронетанкті және механикаландырылған әскерлердің жауынгерлері империалистік Жапонияны талқандауда көрнекті роль атқарды. Совет танкшілері Үлкен Хинган тау асуынан өтіп, жапон империалистерінің Квантун армиясын талқандауға қатысты, сөйтіп, Тяньжэ мұхитқа шықты.

Отанымыз совет танкшілерінің еңбегін жоғары бағалады. Сталин жоладас былай деп көрсетті: «Ұлы Отан соғысы жылдарында Совет Армиясының бронетанкті және механикаландырылған әскерлері фашистік Германия мен империалистік Жапонияны талқандау ісінде аса зор роль атқарды. Ұрыс майдандарында совет танкшілері тарихта теңдесі жоқ ерлік көрсетіп, өзінің Отан алдындағы борышын аброймен орындады».

Отанымыздың намысы мен тәуелсіздігі үшін жүргізілген ұрыстарда көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін мыңдаған танкшілер үкмет наградаларын алды. 1142 танкшіге Совет Одағының Батыры деген атақ берілді, 16 жауынгер бұл жоғары атақты екі рет алды.

Біздің бронетанкті және механикаландырылған әскерлерімізді еңтаманша бронетанкті техникамен қаруландырылған совет тылындағы еңбекшілердің еңбектері де жоғары бағаланды. Ерекше атап көрсететін бір нәрсе сол, 1938—39 жылдарда совет танк құрылысшылары жасаған «Т-34»

Петропавл ауданы. Жамбыл атындағы колхоздың коммунистері партияның XIX съезі шақырылуы жөніндегі радио хабарын, бүкіл еліміздегі сыяқты, асқан ынтамен тыңдап, зор қуанышқа бөленген болатын. Мұнан кейін олар съезд алдындағы материалдар жарияланған газеттерді алып, оның әрбір өзін талдап оқыды. Жұырда коммунистер съезд материалдарын талқылауға колхоз конторына жыйналды.

Коммунистер жыйналыстың күн тәртібінде партияның XIX съезінің ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары жобасын және партияның өзгертілген Уставының жобасын талқылады.

Жыйналыста колхоз партия ұйымының секретары Веселов жолдас күн тәртібіндегі мәселе бойынша қысқаша хабарлау жасап, партияның XIX съезінің шақырылуы жөніндегі хабар совет халқының арасында жаңа саяси және өндірістік өрлеу тұтызылғанына тоқталды.

— Ленин — Сталин партиясы совет халқын табыстан-табысқа бастап, социалистік Отанымыздың күш-қуатын барған сайын нығайтуда. Соғыстан кейінгі төртінші бесжылдықтың жоспары мерзімінен бұрын толық орындалды. Коммунизмнің ұлы құрылыстары жүзеге асырылуда. Жақында В. И. Ленин атындағы Еділ-Дон көме қатнасы каналы пайдаланылуға берілді.

Совет халқының ертеңгі күні бүгінгінен де тамаша. Оған жаңа бесжылдықтың жоспары жөніндегі директивалар жобасы дәлел.

Бесінші бесжылдықта халық шаруашылығының басқа салалары сыяқты социалистік ауыл шаруашылығының алып қарқынмен өркендеуінің шаралары белгіленген. Оны мына цифрлардан айқын көруге болады.

Жаңа бесжылдықта (1950 жылмен салыстырғанда) колхоздарда жұмыс істейтін тракторлар мен машиналардың саны 20 процент көбейеді. Сөйтіп, негізгі ауыл шаруашылық жұмыстарының 80—95

проценті механизация күшімен жұмыс аталады. Мұның бәрі егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімдерін белгілі мөлшерде арттыруға мүмкіншілік береді.

Партияның өзгертілген Уставының жобасы Совет Одағы Коммунист партиясының елімізде коммунистік қоғам орнату жөніндегі міндеттерін, осыған байланысты партия мүшелерінің міндеттері мен праволарын сыпаттайды. Біз, колхоз коммунистері, Уставтың жобасын бірауыздан мақұлдаумен бірге, оны мүлтіксіз орындауымыз керек. Сөйтіп, колхозшы шаруаларды артель байлығын еселеп арттыру жолына жұмылдыру — басты міндет.

Егіс бригадасының бригадирі Пганов жолдас өзінің сөзінде жаңа бесжылдықтың жоспары жөніндегі директивалар жобасы мен партияның өзгертілген Уставының жобасын мақұлдай келіп, егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын үлгілі ұйымдастырудың қажеттігіне тоқталды.

— Бйыл колхоз бітік егін өсірді, — деді ол, — бірақ, оны мезгілінде жыйнап алу үшін күрес жеткіліксіз болып отыр. Егіс бригадасында еңбек тәртібі ойдамдай ұйымдастырылмай келеді. Оған алдымен мейкінеді. Алайда, колхоз басқармалары мен партия ұйымы бұл кемшіліктер тыс қала алмайды. Өйткені, қолда бар көлік күші мен жұмыс аламы егіс бригадасына жеткіліксіз бөлінген отыр. Партия ұйымы егіншілер арасында үгітшілер коллективінің жұмыс істеуін, ондағы социалистік жарыстың барлығын жеткіліксіз бақылайды. Көмшіліктерді дереу жойып, таяудағы екі-үш күнде мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындауды қамтамасыз ету керек.

Мал өсіруші коммунист Иванов жолдас жыйналысқа қатысушылардың назарын қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның продуктивтілігін еселеп арттыру мәселесіне аударды.

— Жаңа бесжылдықтың ішінде, — деді ол, — қоғамдық малдың әрбір түлігін еселеп өсірумен бірге, оның өнімділігін оған әрі арттырудың мөлшері белгіленген. Бұл

таланты ойдағыдай орындауда колхоз малшылары шешуші роль атқарады.

Трактор бригадасының бригадирі Мөроз жолдас механизаторлардың съезд күрмегіндегі социалистік жарыста қол жеткен табыстарын ортаға салды. Ол трактор бригадасы съездің ашылу күні — 5 октябрді әрбір трактор бойынша жылдық жоспарды толық орындауға міндеттеніп отырғанын айтты. Трактор бригадасы тракторлардың қуатын толық пайдалану арқылы егін жыйнау, зияб жырту жұмыстары жөніндегі тапсырмаларды мүлтіксіз орындайды.

Мұнан кейін Мөроз жолдас колхоз шаруашылығындағы орын алған кейбір кемшіліктерге тоқталды. Ол колхоз қырманда кейде күзетшінің болмайтынына колхоздың диірменінің жұмыс істемей босқа тұрғанын айтып, оны басқарушыларды әділ сынады.

Мал шаруашылығының меңгерушісі Төлебаев жолдас мал азығының берік қорын жасау жөніндегі жұмыстың барысына баяндады.

— Қоғамдық малдың ойдағыдай өркендеуі мал азығына тікелей байланысты. Алайда, колхозда дайындалған мал азығы мүлде жеткіліксіз. Сондықтан шөп шабу қарқынын бұрынғыдан анағұрлым күшейте түсуіміз керек. Бұл үшін кеш алымы шөп машиналарынан басқа, шөп шабатын көлік машиналарының толық жұмыс істеуін ұйымдастыру қажет, — деді Төлебаев жолдас.

Коммунистер Абрамов, Сауытбаев жолдас партияның XIX съезінің жаңа бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларында халықтың материалдық әл-ауқатын, денсаулық сақтау ісін және мәдени дәрежесін арттыра беру мәселелеріне зор көңіл бөлінгендігін атап көрсетті.

Жыйналыс партияның XIX съезінің материалдарын бірауыздан қабылдап қаулы алды. Съезд күрмегіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістетудің нақтылы шараларын белгіледі.

Біздің бронетанкты және механикаландырылған әскерлеріміздің қуаты Отанымыздың басынан кешірген барлық соғыстардың ішіндегі ең ауыры — Ұлы Отан соғысындағы ұрыстарда айқын көрінді.

Біздің елімізге жаудың тұтқиылдан шабуыл жасауы жаудың соғыстың бас кезінде бірсыпыра өткірші артықшылығы болуына мүмкіндік берді. Гитлершілердің қарамағында Батыс Еуропадағы жауынгерлік қыймылдардың барысында соғыс жүрізудің зор тәжірибесін алған шабуыл жасаушы зор армиясы болды. Барлық батыс еуропалық мемлекеттердің дерлік өнеркәсібі гитлерлік армияға қызмет істеді. Совет Одағына шабуыл жасаған кез-

ді. Осының нәтижесінде неміс-фашист басқарылып, соғыстың шегінен тыс тады.

Бұл операциялар және механикаландырылған зор роль атқарып жүзеге асыра от бөлімдер мен күр мен алға басуын совет танкішілері түбінде, оң жақ мен Қырымда және, Белоруссияда участоктерінде п қандауға белсене даған дивизиялар Кишинев операц ше зор роль атқ



Художник В. Викторовтың «Искусство» баспасы ба

ДЕН

алдың санын көбей-
німділігін арттыру-
зор. Міне, сондық-
н фермадағы жыл-
ғамдық мал шар-
орендету жолында
тарға жетуде. Феп-
басын өркендету-
жоспары 108 про-
дды».

осы сияқты қал
йтұмен қатар, Жу-
шы Н. Бондаренко
дың жылқы шар-
еңбек етіп келе

ҰСЫНЫС

аудандық «Колхоз-
«Ауылшаруашылық
авессын жеңіп ала-
мен аудандық ауыл-
аға зоотехнигі М.
ң мақаласы жария-
ада облыстық ауыл-
не ауданның көп
уына толық мүмкін-
а айталы.

уданның көптеген
да, — деп жазды
жолдас, — нәзірдің
ге дөңді даңылдар-
жемістерінен және
испонаттар іріктеліп,
паев атындағы кол-
ік Қазақстан облы-
дайында өсірілген
көмістерінен көрме-
ік, алша жемістерін
Путь к социализму»
еді дақылдардан бас-
жемісін, «Путь
не «Дружина» кол-
мені өнімінен экспо-
данның егін және

Көсемге берген сертке сай егін жыйнау тез аяқталсын

★ Көп сабан мен мекен жыйналды

Мал азығының берік қорын жасау жо-
лында Полудень ауданының бірқатар
колхоздарының мүшелері қажырлы еңбек
етуде. Олар жемісін қорларын барынша
тиімді пайдаланып келеді. Мал азығын
мол дайындауды көздеп, озат колхоздар
егіннің сабаны мен мекенін жыйнап ма-
яға салауда.


Бұл жөнінде «Парижская Коммуна»
колхозының мүшелері игілі жұмыстар
істеп отыр. Мұнда егіннің сабаны мен
топанын жыйнауға арнаулы бригада
бөлінген. Осының нәтижесінде орақтың
басынан бері егіннің сабаны түгел жый-
налып, маяға салынауда.

Валуев жолдас басқарған звено жұмы-
ты күнбе-күн өнімді істеуде. Звено мү-
шелері сабан жыйнауда күндік норманы
үнемі артығымен орындап жүр. Олар күн
сайын 100—110 центнер сабан жыйнап,
маяға салады. Науқан басталғаннан бері
колхозда 2200 центнер сабан жыйналып,
маяланды.

Бұл колхозда сабан жыйнау қазір те-
тыңғылдықты жүргізілуде. Осымен бірге
колхозшылар жыйналған сабанды жерқа-
рада мал қыстаулары жанына тасып алу-
ды ұйғарып отыр.

Егіннің сабаны мен топанын жыйнау
Ленин атындағы және «Красная звезда»
колхоздарында да тыңғылдықты ұйымда-
стырылған. Сабан жыйнауға арнаулы
бригадалар бөлінген. Олар күн сайын
жүздеген центнер сабан жыйнап, маяға
салады. Бұлардың әрқайсысында 1600—
1800 центнердей сабан жыйналды.

Аталған колхоздардың мүшелері пар-
тияның XIX съезі құрметіне жаншай вах-
таға ұштаса отырып, сабан жыйнау,
маяға салу жұмыстарын барған сайын



Интернационал МТС-нің таңдаулы комбайншыларының бірі—коммунист. Ф.
Тупов осы жылы тіркеудегі «Сталинец—6» қос комбайнымен 1200 гектар дәнді
дақылдар жыйнап, бастыруға міндеттенген болатын. Ол өзінің міндеттемесін аброймен
орындауда. Ол көзірдің өзінде 960 гектар астық жыйнап бастырды.

СУРЕТТЕ: Ф. Тупов жолдасын комбайн агрегаты Мамлют ауданының
Чкалов атындағы колхоздың егін даласында астық жыйнап жүрген кезі.
Суретті түсірген А. Розенштейн.

★ Кейбір кемшіліктер жөнінде

Соколов ауданының колхозшы шаруа-
лары БК(б)П -ның XIX съезі құрметіне
вахтаға тұрып, егін жыйнау мен астық
дайындау қарқынын еселеп күшейтуде.
Осының нәтижесінде көп шаруашылық-
тарда егін ысырапсыз жыйналууда.

Мысалға Молотов, Буденный атындағы
және «Қазақстанның 30 жылдығы» кол-
хоздарын алайық. Бұлар —егін жыйнау
мен астық дайындаудың озаттары. Олар-
дың әрқайсысында егін жыйнау алғашқы
күннен бастап үлгілі жүргізіліп келеді.
Комбайн агрегаттары егін жыйнауға ба-
рынша тиімді пайдаланылууда. Осының
нәтижесінде комбайншылар сменалық
тапсырмаларын үнемі толық және артты-

лады. Осының нәтижесінде бұл колхоздар
мемлекетке астық тапсыруға күн сайын
қатынасып, тағайындалған графикті то-
лық орындап келеді.

Бірақ, ауданның барлық колхоздары
егін жыйнау мен астық дайындауды
үлгілі ұйымдастырып отыр деп айта
алмаймыз. Ауданның бірсыпыра колхоз-
дары бұл бауқанды мейлінше баяу жүргі-
зіп отыр. Осының салдарынан аудан егін
жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру-
да артта қалып қойды. Аудан колхозта-
рында мұндай маңызды науқанның ойда-
ғыдай ұйымдастырылмауының басты себеп-
сі —комбайн агрегаттарының өнімсіз
пайдаланылуында, астық дайындауда ең-
бек ұйымдастырылуының жетіспеуінде бол-

★ Жаңа машина

Бұл күндері «Баян» колхозының
(Преснов ауданы) қырмандарынан астық
тазалайтын жаңа машинаны көруге бола-
ды. Ол мотор күшімен жұмыс істейді.
Оның жұмысқа қосылуы егіншілердің ең-
бегін едәуір жеңілдетіп, астық дайындау
қарқынын барынша арттыра түсеті.

Бұл машинамен сағатына 100—125
центнер астық тазартуға болады. Егер ол
тәулік бойына жұмысқа қосылса, бір
сменада 1000 центнерге жуық астық та-
зартады. Сондықтан оның тазартуына
астықты тек тасып білу керек.

«Баян» колхозының егіншілері мұндай
күрделі машинаны жұмысқа толық қуат-
мен пайдаланып келеді. Мұның өзі астық
дайындау жұмыстарын жедел қарқымен
жүргізуге мүмкіншілік тудырып отыр.
Колхоз мемлекетке астық тапсыру жо-
спарын толық орындап шықты. Қазір кол-
хозшылар МТС жұмыстары үшін астық
тапсырып жатыр.

Мұндай күрделі машинаны «Красный
партизан» колхозының мүшесі Иван Пав-
лович Романенко жолдас жасады. Ол ма-
шина жасап шығаруды 1951 жылдан бас-
тап ойластырды. Машинаның жобасын
осы жылы-ақ жасап, «Красный парти-
зан» колхозында пайдалануға ұсынды.

—Мен астық тазалайтын жаңа маши-
на жасап шығарамын, — деді ол колхоз
председателіне, — машинаның қағазға
түсірілген жобасын көрсетіп. Бұл машина
астықты әрі тез, әрі көп тазалайтын
болады. Мұнымен біз өзіміздің еңбегіміз-
ді жеңілдетіп, астық дайындауда үздік
табыстарға жетеміз.

Алайда, колхоз басшылары Романенко
жолдасын машина жасап шығаруына
қолайлы жағдай жасамады, нақтылы
көмек көрсетпеді. Осыған карамастан ол
дәл тазалайтын машинаны жасап шы-
ғарды. Колхоз басшылары мұнан кейін
де машинаға ешқандай мән бермеді.

«Борьба за коммунизм» колхозы жылғы фермасының меңгерушісі К. Жұмабаев жолдастың «Жылқышылар міндеттемесін орындауда» деген тақырыпмен жазылған мақаласы жарияланды.

Бұл мақалада, Жұмабаев жолдас партиямыздың XIX съезі алдында мал өсірушілер арасында еңбек тәртібінің бұрынғыдан да ыңғай түскендігін, еңбек өнімділігінің өскендігін артқандығын айтқан. Осын бұл сөзін мақаласында жазылған жақсы көрсеткіштер толық дәлелдейді.

«Елімізде азық-түлік молшылығын жасау үшін, — деп жазады Жұмабаев жолдас, —

Совет ауданында

КОНЦЕРТ БЕРДІ

Жуырда аудандық мәдениет үйінің көркемөнер шеберлері «Красное поле» колхозында болып, мәдени қосында, колхоздың клубында концерт берді. Олар совет композиторларының өлеңдерін, орыстың халық әндерін тамаша орындады. Колхозшылар көркемөнер шеберлерінің көңілдегідей орындаған әндерін зор ықласпен тыңдады.

Колхозшылар өздерін мәдениетті қамтығаны үшін көркемөнер шеберлеріне ризалық білдіріп, алғыс айтты.

ЖАҢА ҚҰҒЫЛЫСТАР

Соңғы жылдары «Еркіндік» колхозында жеткізудің мектеп үйі, интернат, колхозшылардың бірнеше пәтер үйлері салынды.

Колхозшылар құрылыс жұмысың кеңінен өрістете отырып, быйыл да жаңа құрылыстар салу ісіне қызу кірісуде. Мұнда колхоз басқармасының жаңадан кеңсе үйі салынбақ, кеңсе үйі төрт бөлмелі болады.

Құрылыс бригадаларының мүшелері бұл құрылысты партиямыздың XIX съезі ашылатын күнге дейін аяқтау үшін күресуде.

ҚЫЗУ ҚАРҚЫНМЕН

«Победа» ауылшаруашылық артелінің

құрылыс жұмыстары кең өріс алуда. Колхозшылар үшін екі бөлмелі стандартты үйлер салынып жатыр. Бұл жұмысқа колхоз басқармасы зор көмек көрсетіп, өз мемшігіне үй салушы колхозшыларға көлік беріп, балташы, кірпіш қалаушы сыяқты мамандар бөлді. Быйыл 28 колхозшы семьясымен жаңа үйге орналасады» деп жазды ол, мақаласында.

Аудандық газеттерде бұл сыяқты хабарлардың үзбей жазылып тұруы керек. Ауданда болған жақсы бастамаларды еңбекшілер бұқарасына үгіттеп, насихаттап жеткізіп тұру газеттің ең негізгі міндеті.

мүшелері зябь жыртуды қызу қарқынмен жүргізуде. Мұнда кәзірдің өзінде 700 гектарға жуық зябь жыртылған. Зябь жыртуда тракторшы Д. Левутский, Р. Крафт жолдастар қажырлы еңбек етіп, нормаларын артығымен орындап жүр.

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР ОРЫНДАЛДЫ

Полтавка май заводы бөлімшелерінде меңгерушілері Верховский, Павлишина, Борецкая және Цехмейстрюк жолдастардың әрқайсысы өздерінің бөлімшелері бойынша сүт жыйнаудың жылдық жоспарын 100 проценттен асыра орындады.

Партияның XIX съезінің ашылу күні жаңа табыстармен қарсы алу үшін колхозшылар арасында бұқаралық-түсінік жұмысын жүргізе отырып, келесі жылдың есебіне кем дегенде 25 процент сүт жыйнауға міндеттеме алынды.

АЛҒАШҚЫ АВАНС

«Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артели күн сайын мемлекетке астық тапсыруда. Мемлекетке өткізілген астықтың 15 проценті есебінен колхозшыларға алғашқы аванс берілді. Колхоз мүшелері бір еңбеккүнге бір килограмнан астық алды. Колхоз ұстаы Н. Чумақ — 59 пұт, атшы Н. Бондаренко — 49 пұт, матшы Р. Бежембаев — 39 пұт астық алды.

тұрды. Вахта күндерінде озат комбайншылар комбайн мен егін жыйнау қарқынын өскелең күшейтуде. Бұлар съезд ашылатын күнге дейін маусымдық тапсырманы артығымен орындауға ұйғарып отыр.

Б. ЖҰСЫПБЕКОВ.

Октябрь аудақы,
Жамбыл атындағы колхоз.

ЖЫЛҚЫШЫ ЕҢЕЕК ВАХТАСЫНДА

«Борьба за коммунизм» колхозының жылқышысы И. Бондаренко жолдас колхозшылар құрметтейді, мақтан етеді. Бұл орынды да. Ол жыл сайын жылқы өсіруде көрнекті табыстарға ие болып келеді.

Жылқышы И. Бондаренко жолдас колхозшылардың Сталин жолдасқа жазған хатта 30 биеден 27 құлын өсіруге сәт берген болатын. Ол бұл сәттің аброймен жүзеге асыру жолында табандылықпен күресе отырып, зор табысқа ие болды. Сөйтіп, 30 биеден 27 құлын алды. Олардың бірде-бірін шығынға ұшыратқач жоқ.

Кәзір И. Бондаренко жолдас партияның XIX съезі құрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, үйірдегі жылқыларды шығынға ұшыратпай өсіре беру, қысқы тебінге семіз күйде анару жолында аянбай күресуде.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Совет ауданы.

ЖАҢА ҚОРА

Мамлют асыл тұқымды мал совхозының В. Перетрухин жолдас басқарған құрылысшылар бригадасы бұзау қорасын салуда күндік тапсырмаларын 110—115 проценттен орындауда.

Заброднев және Филатов жолдастар басқарған тасымал бригадасы өзара жарысқа түсіп, тездетілген әдіспен кірпіш төсеуде. Бұлар күнделік тапсырмаларын 120 проценттен орындайды.

Құрылысшылар коллективі БК(б)П-ның XIX съезінің ашылу күніне дейін құрылыс жұмысын толық аяқтамақ.

сы еменалық тапсырманы күн сайын 120—130 проценттен орындайды.

Егін жыйнаумен бірге жоғарыда аталған колхоздарда астық дайындау да тығыздықты ұйымдастырылған. Оларда комбайн бункерінен астық қырмандарға үздіксіз тасылады. Тазартылған астық дереу қабылдау пункттеріне жөнелтіліп отыры-

Сондықтан астық дайындау жұмыстары бұл жерде қаншалықты да жетілдірілген кемеңгерлікпен орындалып жатқандығын айта кетейік.

Мал шаруашылығы

Бұл - жайбарақат

Амажкелді атындағы колхоз — Преснов ауданындағы малды колхоздардың бірі. Мұнда жалпы мал басы 4 мыңнан асады. Осыған қарамастан колхоз басшылары (председателі Дүйсембин жолдас) мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын нашар жүргізіп келеді.

Мал шаруашылығының ойдағыдай өркендеуі малдың қыстан шығынсыз өсірілуіне байланысты. Ал, малдың қыстан күйлі шығарылуының тетігі — оның құнарлы жемшөппен және жылы қораламен жеткілікті қамтамасыз етілуінде. Аталған колхоздың басшылары қыс қамын мүлдем ойламай отыр. Колхоз жемшөп дайындауға әзірліксіз кірісті. Осының салдарынан бұл жұмыс бүкіл жаз бойына қанағаттанғысыз жүргізілді. Мұнда жемшөп дайындау жоспары осы уақытқа дейін 40 процент ғана орындалды. Малдың ең құнарлы азығы- сүрленген шөп дайындаудың жайы да дәл осындай.

Жемшөптің мұншалықты аз дайындауының себебі — колхоз басшылары өткен мал қыстатуда орын алған кемшіліктерді сабақ етпей, бұл іске нашар басшылық жасап келеді.

Мал қыстағұн орындарға тасылмаған мал азығы аз емес. Ал жайда, аталған колхозда жемшөпті мал қоралары жанына тасу да ұмыт қалған. Дайындалған жемшөптің небары 9 центнері ғана мал қыстауларына тасылып алынды.

Егіннің сабағы мен мекені де малға

азық екені Бұл колхоз алаңда шағын мал шаруашылығы мұнда жемшөп қоралары мүлдем қалды.

Малға жақсы жағдай жет. Осы мал қорала мүлдем қалды. Мал қорала жемшөптің 300-ге жуық үлгілі қоршылықтың дем кенже ескі мал

Мал шаруашылығын кезен, — мал шаруашылығына қанағаттанғысыз қыстатуда іліп отыр. жемшөп дайындау мен жемшөптің не бары 9 центнері ғана мал қыстауларына тасылып алынды. Егіннің сабағы мен мекені де малға мауында

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС
КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 12 сентябрь. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгінгі берген хабарында, Корея Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге жауға қарсы қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды делінген.

Бүгін жау самолеттерін аңдып атқыштар душпанның екі самолетін атып түсіріп, бір самолетін зияндады.

ПЛОВДИВТЕГІ 15-ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨРМЕ-ЖӘРМЕНКЕДЕ

ПЛОВДИВ, 11 сентябрь. (СОТА). ССРО, Болгария, Қытай Халық Республикасы, Польша және басқа халықтық демократия елдері, сонымен қатар, капиталистік елдердің жүзден аса өнеркәсіп пен сауда фирмалары қатысып отырған Пловдивтегі 15-ші халықаралық көрме-жәрменкеге халық зор ықыласымен келуде. Он күннің ішінде көрмеде 300 мыңға жуық адам болды, кешегі күннің өзінде ғана онда 70 мың адам болды.

Советтің машина, автомобиль, ауылшаруашылық машиналарын жасау, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің және басқаларының өнімдері қойылған ССРО павильонына көзшілер бұрынғысынан баса көңіл бөледі.

Көрмеге келушілер өздерінің саналуан пікірлерінде қуатты совет техникасын, ССРО-ның коммунистік құрылыста жеткен орасан зор табыстарын көріп, зор әсер алғанын білдіруде.

БЕЙБІТШІЛІКТІ ЖАҚТАУШЫЛАРДЫҢ БҮКІЛДИНДИЯЛЫҚ ҮШІНШІ СЪЕЗІ КАРСАҢЫНДА

ДЖУЛЛУНДУР, 12 сентябрь. (СОТА). Джуллундур халқы бейбітшілікті жақтаушылардың бүгін ашылатын Бүкілдиндия-

Соғыс тұтқындары лагерьлеріндегі американ интервенттерінің қылмыстары

ПЕКИН, 12 сентябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан былай деп хабарлайды:

Келіссөздегі американ делегациясының басшысы Гаррисон корей және қытай соғыс тұтқындары елдеріне қайтқанша «өздерін өздері өлтіруі» мүмкін деп мәлімдеген. Олай болса американ лагерьлеріндегі көптеген соғыс тұтқындарының қайтарылуына дейін «өздерін өздері өлтіруінің» себептері қандай?

Рейтер агенттігі тілшісінің Токиодан берген хабарына қарағанда, американ соғыс командованиесі, Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындарының лагерьінде 8 сентябрь күні Корея Халық армиясының қолға түскен солдаттарының «асылып өлген» өлгі табылды деп мәлімдеген. «Өзін өзі өлтірудің» бұл көрінісі елге қайту жөніндегі өздерінің праволарынан бастартуға америкалықтардың соғыс тұтқындарын зорлап көндіру үшін оларды қатты жазалап отырғандығының нәтижесі болып табылады.

Американдықтар өздерінің қылмысын жасыру үшін соғыс тұтқын лагерьінде неше түрлі айла-шарықтарды ойлап шығаруда. Алайда, мұнан сегіз-ақ күн бұрын, 2 сентябрь күні американ соғыс командованиесі Кочжедо аралында «асылып өлген» соғыс тұтқынының табылғандығын мәйін даған болатын.

Мәселенің шындығы «кенеттен болғал» оқыйғаларда жатқан жоқ, шын ақиқат американдықтардың соғыс тұтқындарын өздері өлтіруге зұлымдықпен көндіріп отырғандығында жатыр және бұл оқта-текте ғана болып отырған жоқ. Соғыс тұтқындары ішінен тыңшылыққа тартылып самолеттен түсірілген көптеген жасырын агенттер соғыс тұтқындарының көпшілігін ұстап қалу үшін оларды американдықтардың аяусыз жазалап отырғандығын мәлім

дейді. Кейбір соғыс тұтқындарын американдықтар неше түрлі жантүршігерлік жазалаумен өзін өзі өлтіруге дейін көндірген. Американдықтар өз қолдарымен өлтірген соғыс тұтқындарын «өзін өзі өлтірген» есептейді. Сонымен американдық кісі өлтіргіштер өздерінің қылмыстары үшін жауап беруден құтылғысы келеді.

Үстіміздегі жылдың январьда Кочжедо аралындағы соғыс тұтқындарының 80-батальонының бір соғыс тұтқыны өзінің денесіне қызған темірмен тақпа бастырудан, сол сыяқты, «еркімен елге қайту» үшін деп аталатын арызды жазудан да баспапқан. Осының нәтижесінде оны гоминданшы агенттер соққыға жыққан. Осының салдарынан мұнан әрі бола беретін жантүршігерлік жазалаудан қашып, асылып өлуге мәжбүр болған.

Жоғарыда көрсетілген батальонның екінші соғыс тұтқыны гоминданшылардың қолынан соққыға жығылған. Оның үстіне оған тамақ берместен күштеп ауыр жұмыс іетелген. Ақыры ол ұстараның пышағын жұтып жіберіп, өзін өзі өлтірген.

Әрбір соғыс тұтқыны өлгеннен кейін американдықтар зерт жүргізілетін болады деп мәлімдеулеріне қарамастан олар зерттің ешбір нәтижесі туралы хабарламайды. Сол сыяқты осы жолы да американдықтар өздері өлтірген кісілердің өлімін «тексеріліп жатыр» деп мәлімдейді. Алайда, жалған «тексерулердің» нәтижесін американдықтар жариялай ма, жоқ па, бүкіл дүние жүзіне мәлім болған өздерінің қылмысын жасырып, жауапкершіліктен құтыла алмайды, өйткені соғыс тұтқындарын американдықтар зұлымдықпен өлтіріп, қатал жазалап отыр. Американдықтар өздерінің осы қылмыстары үшін жауап беруге тиіс.

СПОРТ

Жолдастық кездесу

11 сентябрь күні «Динамо» стадионында Челябинің «Дзержинец» командасы мен Петропавл қаласының жыйынтық командалары арасында футбол жөнінде жолдастық кездесу болды.

Қонақтар ойынның бірінші минутынан бастап қаланың жыйынтық командасының қақпасына бірнеше рет хауінгі атақалар жасады. Алайда, есеп айна алмады. Петропавлдықтар ойынның жетінші минутында да аса сеніммен ойнап, қонақтардың атақаларына тойтарыс жасай келе есеп ашты. Футболшы Саленко, команданың капитаны Сидоров жолдастар допты өз қақпаларына жібермей, шеберлікпен кейің қайтарып отырды. Есепті теңеу және алғашқы мақсатымен қонақтар өте шапшаңдықпен ойнады. Олар қаланың жыйынтық командасының қақпасына жиі-жиі атақалар жасап, 15 минуттың ішінде Васильев, Юсупов, Ахманов сыяқты шебер футболшыларының қызу қарқынмен ойнауы нәтижесінде есепті 5 ке дейін жеткізді. Сөйтіп, ойынның бірінші жартысы 5:1 есебімен қонақтардың пайдасына аяқталды.

Ойынның екінші жартысында петропавлдықтар қонақтардың қақпасына қарай өтуге қанша тырысып ойнаса да, допты дәлме-дәл ұруға жетілмеуі себепті есепті теңей алмады. Тек ойынның 40-шы минутында бір доп енгізді. Алайда, екі минуттан кейін-ақ қонақтардың бір футболшысы жақсы төсілдер қолдана отырып, есепті 6-ға дейін жеткізді. Ойынның ақырына дейін бұл есеп өзгерген жоқ.

РСФСР-да футболдан бірінші орын ету үшін болған жарысқа қатысқан Челябинің «Дзержинец» командасы жолдастық кездесуде де 6:2 есебімен Петропавлдың жыйынтық командасын жеңіп шықты.

Атап айта кету қажет, физкультура және спорт жөніндегі қалалық комитет жыйынтық команданың құрамын іріктеп алуға тиісті көңіл бөлмеген. Марков, Белозов, Целых және Андреев сыяқты футболшылар сенімсіздікпен, селжос ойнап тіпті,

лау жасамай келеді. Жөндеу жұмысының сапасын тексеру «сәті түскенде ғана» жүргізіледі.

Локомотивтері күту жұмысына кейбір паровозшылардың жауапсыз қарайтындығы байқалады. Соңғы уақытта паровоздардың жуылуға қойылған мерзімі белгілен-

ді. Сондықтан қалған уақыттың пилот-станция шаруашылығы мен кадрлардың қысқа мінсіз әзірлігін қамтамасыз ету үшін жұмысшылар мен инженерлер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмысты мейлінше күшейтіп, теміржолшылардың күш-жігерін қысқа әзірлікке жұмылдыру керек.

П. ОСИПОВ.

Жеңіл өнеркәсіп орындары қызметкерлерінің жарысы

Алматы аяқкиім фабрикасының № 2 тігін цехында өткен күнгі жұмыстың қорытындылары туралы жазылған бюллетень ілулі тұр. Цехтың барлық аяқкиім тігушілері тапсырмаларын асыра орындаған, ал былғары созушы Андрей Васильев жұмыс өнімділігін 357 процентке дейін астеткізген.

Стахановшылар Махмұт Матов пен Сергей Шатов екі нормадан орындаған. Партияның XIX съезі құрметіндегі стахановтық вахтаға тұрған Алматы аяқкиім тігушілері 12 сентябрьде 9 айлық программа орындап, 5 октябрьге дейін жоспардан тыс 40 мың пар аяқкиім шығаруға міндеттенді. Олар өз міндеттемелерін ойдағыдай орындауда. Қазірдің өзінде тапсырмадан тыс он мың пар аяқкиім шығарылды.

Алматы қайыс-өбзел зауыдының коллективі құрметті вахта күндерінде жақса өндірістік табысқа жетуде. Кәсіпорыны 9 айлық жоспарды мерзімінен бұрын орындады, қазір, октябрь айының есебіне өнім шығаруда. Республиканың тігіншілері мен трикотажшылары жаңа қорларды іздестіре отырып, съезд қарсаңындағы міндеттемелерін ойдағыдай орындауда.

Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп орындарының 60 проценттен астамы республика

астанасы мен Семей қаласында. Алматылықтар мен семейліктер жылдық өндірістік программаны мерзімінен бұрын орындау үшін, партияның XIX съезін лайықты табыстармен қарсы алу үшін социалистік жарыс шартын жасасты. Бұл қалалардағы жеңіл өнеркәсіптің 19 кәсіпорнынан 15-сі жоспарларын асыра орындайды. Семей аяқкиім фабрикасы күн сайын жоспардан тыс өнім беруде. Шұға комбинаты мен «Большевичка» тігін фабрикасы та жұмысты бір қалыпты істеп, жоспарларын асыра орындауда.

Жеңіл өнеркәсіп орындарының коллективтері көтеріңкі міндеттемелер алды. Бірінші сарты өнім шығаруға, өнімнің түр-түрін көбейтуге, шикі заттар мен материалдарды үнемдеуге, бұйымдардың өзіндік бағасын арзандатуға ерекше назар аударылды. Сөйтіп, республиканың жеңіл өнеркәсіп орындары 8 айлық жоспарды 102 процент орындады.

Жаңа бесжылдық жоспар жеңіл өнеркәсіпті одан сайын өркендетуді көздейді. Жақын арада Жамбылда ірі былғары-аяқкиім комбинатының құрылысы салына бастайды. Қостанайда, Қарағанды мен Ақтөбеде тігін фабрикаларының құрылысы жобаланып жатыр.

(ҚазТАГ).

ның демократияға қарсы әрекеттерін жеке-ара беріп азғыру істерін әшкерелеген.

Манифесте христиан-демократ партиясының қайраткерлері «жеке мекемелер мен ұйымдардың пайдалы басшылық қызметіне қойылғаннан кейін өздерінің қызмет баптарын баю мақсатына сол сыяқты, партияның ішкі өміріне күшті ықпал жасауға пайдаланады», деп атап көрсеткен.

ИТАЛИЯНЫҢ КОММУНИСТЕРІНЕ ҚАРСЫ СОТ ПРОЦЕСІНІҢ КҮЙРЕУІ

РИМ, 12 сентябрь. (СОТА). Демократияшыл газеттер «террористік актіні әзірлегені үшін» деп аталатын жалған айыппен үстіміздегі жылы июнь айында полиция тұтқындаған бес коммунисті Рим трибуналы ақтап жіберген. Бұл коммунистер Риджуэйдің Римге келуіне қарсы наразылық білдіріп, бейбітшілікті қорғауға арналған ұрандарды үйлердің қабырғаларына жазып жүрген уақытта оларды түнде полицейліктер ұстаған болатын. Барлық реакцияшыл баспасөз бейбітшілікті жақтаушыларды қаралау үшін неше түрлі жалақор айыптарды таңған болатын. Сот олардың кінәсін дәлелдейтін ешқандай да фактілер болмағандықтан тұтқына алынған коммунистерді ақтап жіберуге мәжбүр болған.

ИНДИЯДАҒЫ АШТЫҚ

ДЖУЛЛУНДҰР, 12 сентябрь. (СОТА). Жергілікті «Трибюн» газетінің жазғанында, Индия профессоры Шибанлал Саксена Делиде сөйлеген сөзінде Горахпур қаласының ауданында (Уттар прадеш штаты) аштықпен 7 мың адам өлді деп мәлімдеген. Сол сыяқты, Саксена Пхареда және Махараджпандж аудандарының жекелеген деревняларында аштықтан күніне ең кемдегенде бір адамнан өлуде деп атап көрсетеді.

ГААГА, 12 сентябрь. (СОТА). Батыс Германиядағы соғыс маневрлеріне голланд әскерлерінің қатысуымен байланысты голланд бейбітшілік советі кеше Голландияның премьер-министрі Дрейске телеграмма жолдап, онда былай деген: Батыс Германияға голланд әскерлерін жөнелту — жақ-

тарының өмірі мен тәуелділігін сезіп отырған үлкен тыйымсыздықты Германиядағы соландықтарды жіберме халқының атынан те-

АҚШ ЖАППАЙ ҚЫРҒЫҢҒА ҰШЫРАТАТЫН ҚАРУҒА ТЫЙМ ҚАРСЫ

ПАРИЖ, 8 сентябрь. (СОТА). «Юманите» газеті бүгін «Құрама Штаттар бактериологиялық соғыс туралы Британия ұсынысын қабылдамай отыр» деген мақала жариялады. Мақалада былай делінген:

Біріккен Ұлттар Ұйымындағы американдық делегациясына жақын топтардан мәлім болғанындай, Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Британия делегаты Джейб жұртшылық пікірінің қысымынан ығысып, «бактериологиялық қаруды бірінші болып пайдаланудан» бастартатындығын бірігіп жариялауды өзінің американдық әріптесі Гроссқа соңғы екі айдың ішінде екі рет ұсынған. Екі рет жасалған осы ұсыныстың нәтижесінде американдық делегаты мемлекеттік департаментке арнаулы мәлімдеме жолдап, бұл мәлімдемеде Великобританияның ұсынысын қабылдауға кеңес берген.

Сенімді орындардан алынған мәліметтер бойынша, мемлекеттік департаменттен пентагон бұл ұсынысты қабылдамай тастаған, неге десеңіз, олардың пікірінше, мұндай мәлімдеме жасау олардың еркін әрекет жасауына жол бермеген болар еді. Екінші жағынан, деп мәлімдеген Вашингтонда, бактериологиялық қаруға тыйым салуға келісу Құрама Штаттардың атом қаруына тыйым салуға қарсыласуына кедергі жасаған болар еді.

Бұл мәселе жөнінде Гроссқа берілген нұсқауларда мемлекеттік департамент былай деп көрсеткен: Құрама Штаттар қазір

гі уақытта аз шығын зиянға ұшырата алатын қаруға тыйым салуды

«УДАРНИК» ки

«КЕЗЕГЕННІҢ

Сеанстар сағат 6-8-1

Облыстық

1952

ЖАЗЫЛ

Газетке

кәсіпорында

совхоздар

жазылуға б

Газетке у

тұруын қамтам

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактор-партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілімі